



ел шебінде!

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ РУХАНИ МӨРІ



4 Маусым
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ КҮНІ

4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күні. Бұл күн – қазақ мемлекеттігінің нышандары бекітіліп, халықтың рухани коды заң жүзінде танылған тарихи белес. Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұран – тек егемендіктің ресми белгілері ғана емес, халқымыздың сан ғасырлық арман-аңсарының, күрескер рухының көрінісі. Олар — өткен мен бүгінді, бүгін мен болашақты байланыстыратын ұлттық жадының алтын көпірі.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған алғашқы күннен бастап өзінің жаңа мемлекеттілік сипатын айқындайтын басты белгілерді – рәміздерін қабылдады. Бұл – 1991 жылғы 16 желтоқсанда жарияланған Тәуелсіздік декларациясынан кейінгі ең маңызды мемлекеттік қадамдардың бірі болды.

Тура 130 күн өткенде, 1992 жылдың 4 маусымында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Ту мен Елтаңбаны бекітті. Сол жылдың 11 желтоқсанында Әнұранның мәтіні де қабылданды. Бұл күн – қазақ халқының ежелгі арман-аңсары ресми сипат алған тарихи сәт.

Тәуелсіз Қазақстан үшін рәміз қабылдау оңайға соқпады. Бұл – тек көркемдік емес,

саяси және философиялық шешімдер қабылдауды талап ететін үдеріс болды. 1992 жылдың басында Жоғарғы Кеңестің Төралқасы арнайы жұмыс тобын құрды. Оның құрамына заңгерлер, қоғам және мәдениет қайраткерлері енді. Елтаңба, Ту, Әнұран жобаларына бүкіл елден 600-ден астам азамат қатысып, 1200 Ту эскизі, 245 Елтаңба жобасы, 750-ден астам Әнұран мәтіні ұсынылды.

Бұл – халықтың жаңа болмысын, тарихи болашағын бейнелейтін рәміз жасау жолындағы ұжымдық рухани серпіліс еді. Бұл рухани серпіліс сол кездегі қоғамның ұлттық болмысты қайта тануға деген талпынысын көрсетеді.

Ту – еркіндік пен кеңістіктің символы.

Аспан түстес Ту – түркілік дүниетанымдағы «мәңгілік көк аспан» идеясымен ұштасады. Күн – өмір, жылу, қозғалыс болса, қыран – еркіндіктің, тәуелсіздіктің және болашаққа ұмтылудың бейнесі.

Елтаңба – бірлік пен үйлесімнің бейнесі. Шаңырақ – отбасылық, рулық және ұлттық құрылымның орталық нүктесі. Екі пырақ – ұлттық мифология мен тарихи жадыны ұштастыратын бейне. «Қазақстан» сөзі – мемлекеттік тұтастықтың түпкі мағынасы.

Әнұран – халықтың рухани үнқатысуы. «Менің Қазақстаным» – халықпен бірге туған, бірге жылаған, бірге асқақтаған өн. Оның әр жолында азаттықтың зары, елдіктің қуанышы, болашаққа сенім бар.


Мемлекеттік рәміздер – ұлттық идеяны

қалыптастырудағы маңызды құрал. Бүгінде еліміздің барлық оқу орындарында рәміздерге қатысты сабақтар өткізіліп, балабақша тәрбиеленушілерінен бастап әр азаматта патриоттық сана қалыптасуда.

Халықаралық жарыстарда Туымыз көкте желбіреп, Әнұран орындалғанда – бүкіл халықтың рухы көтеріледі.

4 маусым – әр азамат үшін тек тарихи дата ғана емес, ішкі серпіліс пен рухани жаңғыру күні болуы тиіс. Себебі рәміздерге қарап біз қайдан шыққанымызды, қайда баратынымызды, кім екенімізді танимыз.

Лейтенант А. КИРГИЗБАЕВ,
«OS-ЧР». Фотоколлажды жасаған
аға сержант И. ТУРМАНОВА.



ЖЕҢІС
РУХЫНДАҒЫ
ДОДА

3



БАТЫР
МАЙДАНДА
ШЫНЫҒАДЫ

5



ШЕКАРА
КҮЗЕТКЕН
ЧЕМПИОН

12

МАДАҚҚА ЛАЙЫҚ БӨЛІМШЕ

Еліміздің мемлекеттік шекарасын күзету – жай ғана қызмет емес, бұл – Отан алдындағы борыш, жүреппен сезілетін қасиетті парыз. Осындай асқақ міндетті арқалаған әскери ұжымдардың бірі ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасы «Жетісу» шекара бөлімшесі.



1958 жылы алғаш «Жоңғар» шекара заставасы ретінде құрылған бұл бөлімше 2020 жылдан бастап «Жетісу» атауымен жаңа кезеңге аяқ басты. Уақыт алмасса да, ұрпақтар сабақтастығы, әскери рух пен шекараға деген адалдық өзгерген емес.

Достық ауылдық округі – бес мыңнан астам тұрғыны бар шекарамен іргелес елдімекен. Мұнда 2011 жылы ашылған теміржолшылар саябағы, өткен жылы пайдалануға берілген спорт көшені мен жүк көліктеріне арналған тұрақ ауылдың дамуына серпін берген нысандардың бірі.

«Жетісу» шекара бөлімшесі осы ауылдың еңселі бір шетінде орналасып, көрші арасындағы шекара шебін күзетеді.

Аталған бөлімше – жергілікті елмен етене жақын әскери ұжым. Жергілікті мектептерде шекарашылар арнайы сыныптар ашып, жас буынды әскери рухта тәрбиелеуге үлес қосуда.

Бөлімшенің құрылған сәтінен бастап оған басшылық еткен тұлғалар – бұл тарихтың өзегі. Әрқайсысы өз кезінде ел қауіпсіздігі үшін аянбай еңбек етті. Василий Печоркиннен бастап, қазіргі аға лейтенант Мадияр Шәріпбекке дейінгі басшылар – бұл бөлімшенің іргетасын қалаған әрі дамытуға үлес қосқан офицерлер.

Өткен жылы Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының үздігі атанған «Жетісу» шекара бөлімшесінің жетістіктері

аз емес. Сержант Аслан Отынчинов пен кіші сержант Жандос Балабек – бөлімшенің мақтаныштары. Бұл марапаттар – бөлімше жауынгерлерінің кәсіби даярлығының айғағы.

Бөлімшенің тәрбиелік және идеологиялық жұмыстарын үйлестіріп отырған лейтенант Абдрахман Бақытжанұлы – жас болса да, елге, әскери іске адалдығымен танылған офицер. Бала күнінен спортты серік еткен ол, бүгінде болашақ шекарашыларды дайындауға бар білімін жұмсауда.


Осы бөлімшеде қызмет етіп жүрген тағы бір жас маман – кіші сержант Дархан Айдахметов. Оның қызметтік иті «Флера» – шекаралық бақылаудағы сенімді серігі. Итімен бірлесіп атқарған қызметі үшін Дархан үздік аға нұсқаушы атанып, мақтауға ие болды.

Ал қатардағы жауынгер Закиржан Қонбаевтың әскердегі алғашқы қадамдары мен ой-толғаныстары әрбір жас сарбаздың жан дүниесіне ортақ. Ол өзінің туған жері – Ескелді ауданы, Төңлік ауылында туып-өсіп, Отан алдындағы борышын өтеуге әскер қатарына өз еркімен келген. Әскери өмір оның көзқарасын, болмысын түбегейлі өзгертіп, адамгершілік пен тәртіпке тәрбиеледі.

Ол өз жазбасында: «Әскерге келмей тұрып, әскери өмірді тек қатаң тәртіп пен қиындық деп білетінмін. Бірақ бұл пікірімнің теріс екенін түсіндім. Әскерде шыдамдылық пен тәртіп, достық пен Отанға деген сүйіспеншілік қатар жүреді. Ең бастысы – шекарада болу, бұл мен үшін үлкен мәртебе», – деп жазады.

Әрине, шекара шебінде тәртіп бұзушылық та аз кездеспейді. Соңғы үш жылда шекара режимін бұзған 90-нан астам азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Бұл дерек – шекарашылардың қызметі қырағылықты, кәсіби дайындықты қажет ететінін тағы бір мәрте дәлелдейді.

Шекара – ел қорғаны. Ал шекараны күзетіп жүрген азаматтар – бейбіт күннің батырлары. Олар үшін «Отан» – тек аумақ ғана емес, бұл – ана тіл, туған



жер, ата-баба аманаты. «Жетісу» шекара бөлімшесінің ұжымы – осындай қасиетті ұғымдарды жүрегімен сезінетін, елдің тыныштығы үшін тер төгіп жүрген абзал жандар. Олардың әрбір күні – бейбіт елдің болашағына қосылған үлес.

«Отан – отбасынан басталады» демекші, олар шекарада жүріп, туған ауылын, қазағын, елінің шекарасын күзетеді. Ал бұл қызмет – қандай мадаққа да лайық!



Журналисттер одағының мүшесі
Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР».
Суреттер шекара бөлімшесінен.

ПТН «УРДЮК» – РАДИОЛОКАЦИОННЫЙ ДОЗОР КАСПИЯ

Пост расположен в стратегически важной точке побережья и способен фиксировать любое движение в зоне ответственности – от малых лодок до крупных судов.

– Наша задача – своевременно обнаружить нарушителей и передать координаты пограничным нарядам и кораблям, несущим службу на нашем участке. В последующем мы координируем наряды относительно движения цели, – рассказывает начальник поста старший лейтенант Мирас Токтарханов.

По словам офицера, режим территориальных вод, как правило, нарушают браконьеры, занимающиеся незаконной ловлей рыбы. Однако бывают и исключительные случаи, когда туристы теряют ориентировку в море или сталкиваются с поломкой лодочного оборудования.

– Бывали случаи, когда наши корабли спасали потерпевших в море туристов. Это происходит нечасто, но такие инциденты бывают. Поэтому мы всегда начеку – круглосуточно мониторим радиолокационную обстановку в акватории Каспия, – делится офицер.

Старший лейтенант служит на границе уже два года. За это время он приобрел значительный опыт как в руководстве личным составом, так и в работе с техническим оборудованием поста.

В 2023 году после выпуска из Пограничной академии он был распределен на пост технического наблюдения. Оборудование сложное, поэтому необходимо постоянно совершенствовать свои знания, а также обучать солдат всем тонкостям работы на радиолокационной станции.

Мирас считает, что важную роль в службе поста играет подготовка операторов радиолокационных станций. Солдаты должны хорошо знать тактико-технические характеристики оборудования, уметь быстро анализировать обстановку и правильно пеленговать

Пограничники поста технического наблюдения «Урдюк» пограничного отделения «Тупкараган» пограничного управления по Каракиянскому району Департамента ПС КНБ по Мангистауской области круглосуточно осуществляют радиолокационный контроль казахстанской акватории Каспийского моря.



цели. Особенно он отметил отличную работу рядовых срочной службы – операторов РЛС Шынболата Едыге и Данияра Махсутхана.

В числе лучших офицеров также выделил дизелистов-электриков Нургазы Батырбаева, Ерасыла Жумагали и Аяна Демеулы, обеспечивающих бесперебойную работу дизельного генератора. Особая благодарность прозвучала в адрес повара Эльдара Сагынғали, чья вкусная еда поддерживает моральный дух личного состава на высоком уровне.

Стоит отметить, что в 2025 году благодаря работе поста, пограничными нарядами были задержаны 3 браконьера и 20 нарушителей режима территориальных и внутренних вод. А в прошлом году пост «Урдюк» занял первое место среди аналогичных подразделений пограничного управления.

Эти достижения стали возможны благодаря слаженной и ответственной работе коллектива поста технического наблюдения, где каждый военнослужащий вносит свой вклад в надежную защиту морских рубежей. Пожелаем стражам границы крепкого здоровья, высокой боевой готовности и дальнейших успехов в выполнении поставленных задач.



Капитан
А. ЖАНАЛИПОВ,
«OS-ЧР».
Фото автора.

ЖЕҢІС РУХЫНДАҒЫ ДОДА

21 мамырда Алматы қаласындағы Орталық спорт клубында қоян-қолтық ұрыстан ТМД-ға мүше мемлекеттердің арасында Халықаралық турнир өтті. Сайысты ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаменті мен шекарашы ардагерлердің «Застава тарландары» республикалық қоғамдық ұйымы бірлесіп ұйымдастырды. Бұл спорттық додаға Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Қазақстан Республикасының командалары қатысып, бақ сынады.



ұрыс – физикалық төзімділікпен қатар, рух пен ерік-жігерді сынға салатын тартысты спорт, – дейді Шекара ведомствосының Бас штаб басшысы.

Турнирге қатысушыларға тек жеңіс тілеймін! Әрқайсыңыз өз еліңіздің намысын абыроймен қорғап, спортта да, өмірде де биіктерден көріне беріңіздер. Бұл жарыс сіздер үшін тек бәсеке ғана емес, жаңа достықтың, тәжірибе мен өзара құрметтің бастауы болсын. Сәттілік пен жарқын жеңістер серік болсын!

...Сонымен, бес мемлекеттің ең мықтылары бас қосқан сайыстың ашылу рәсімінен кейін аламан тартыс та басталып кете барған. Командалар әскери-қолданбалы жекпе-жектегі шеберліктерін көрсетіп қана қоймай, рух пен ерік-жігердің, тәртіп пен бауырластықтың айқын үлгісін танытты. Әрбір жекпе-жек – ерлік пен кәсіби шеберліктің көрінісіне айналды.

Осынау көріністі сыртылдатып суретке түсіріп жүрген мен келесі сәтте екі қарсыластың көпшілікті тәнті еткен ұрысына куә болдым. Олардың бірі қазақстандық ко-

Әкінішке орай, араларында жарақат алып, медициналық көмекке жүгінгендерде болмай қалған жоқ.

...Сөйтіп, жалпыкомандалық сайыста 1-ші орынды Ресей елінің командасы жеңіп алса, 2-ші орынға қазақстандық команда көтерілді. Ал жүлделі үшінші орынды Қырғыз елінің командасы иеленді. Сонымен қатар, 57 келі салмақ дәрежесі бойынша К.Османов (РФ), 62 келі салмақ дәрежесі бойынша Д.Казанов (РФ), 67 келі салмақ дәрежесі бойынша Г.Нуриманов (РФ), 73 келі салмақ дәрежесі бойынша С.Арапбай (Қазақстан), 80 келі салмақ дәрежесі бойынша Ж.Айдар (Қазақстан), 88 келі салмақ дәрежесі бойынша М.Айбатиров (РФ), 97 келі салмақ дәрежесі бойынша М.Хаирбеков (РФ) 1-ші орынды жеңіп алды. Ал біздің шекарашы әріптесіміз, татамидің үстіндегі шайқаста өзінің әбжіл қимылымен спортсүйер қауымды дүр еткізген Шәкәрім Әбен 2-ші орынды иеленді. Несі бар, бұл да жүлделі жеңіс!

Осылайша, достас мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты арттырып, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге және спорт арқылы бірлік пен бейбітшілік идеяларын насихаттауға бағытталған сайыстың жеңімпаздары анықталып, оларды марапаттайтын сәтте туған. Алдымен салмақ дәрежесі бойынша жеңіске жеткен спортшыларды марапаттау – мәртебелі қонақтарға берілді.

Турнирдің соңы департаменттің ТИЖКЖБ бөлім бастығы подполковник Хандияр Әділ бастаған офицерлер ұйыты болған концерттік бағдарламаға ұласты. Әсіресе, жиналған қауым Алматы қаласындағы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының «Айналайын» халық би ансамблінің мүшелері – әжелердің «Қазағым-ай» атты биіне ду қол шапалақтап қошемет көрсетті.

Осылайша, Ұлы Жеңістің 80 жылдығын ұлықтаған турнир өз мәресіне жетті.

**Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР». Суреттерді
түсірген автор.**



манданың мүшесі Шәкәрім Әбен. Ол өзінің қарсыласын көз ілеспес жылдамдықпен нокаутқа жіберіп, үш минуттық ұрысты жеңіспен аяқтады. Осынау тамаша дәлдік пен шеберлік залдағы қаншама жанкүйерді жағаға лап қойған асау толқындай ду еткізген... Әрине, мұндай жеңістер аз болған жоқ, әсіресе қазақ спортшыларымен бірге Ресей, Қырғыз, Тәжік елдерінің командалары да бір-бірлеріне дес берген жоқ-тын.

Халықаралық маңызға ие додаға ТМД-ға мүше елдердің Шекара әскерлері Қолбасшылары Кеңесі Төрағасының орынбасары генерал-майор Владимир Моисеенко, ҰҚК Шекара қызметі Директорының бірінші орынбасары – Бас штаб бастығы полковник Бауыржан Абсаматов, ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің бастығы полковник Әлібек Каюпов және басқа да лауазымды тұлғалар қатысты.

Осымен 27-ші мәрте өткізіліп отырған турнир еліміздің Әнұранымен ашылған соң алқалы жиынның алғашқы сөзі Шекара әскерлері Қолбасшылары Кеңесі Төрағасының орынбасары генерал-майор В.Моисеенкоға берілді. Владимир Григорьевич өз елдерінің намысын қорғауға тас-түйін дайын тұрған командалар мен олардың жанкүйерлеріне жеңіс пен сәттілік тіледі. Бұдан кейін сөз тізгінін ҰҚК Шекара қызметі Бас штабының бастығы полковник Бауыржан Абсаматов алып, Ұлы Жеңістің 80 жылдығын ұлықтаған турнирдың маңызына тоқталды.

Айту керек, командалардың сайысына Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері Арман Кенжебаев бастаған төрешілер қазылық етті. Олардың қатарында төрешілер: Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері, А.Авакри, С.Жанбатыров, спорт шебері, Қырғызстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Н.Байкулов, Ресей Федерациясының қоян-қолтық ұрыстан спорт шеберлігіне кандидаттар Г.Гасанов, Д.Сапожников бар.

Осынау халықаралық деңгейдегі сайысқа арнайы қатысқан ҰҚК Шекара қызметі Директорының бірінші орынбасары полковник Бауыржан Абсаматовты орайлы сәтте сөзге тартқан едік:

– Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған бұл халықаралық турнир – бейбітшілік пен ынтымақтың символына айналған маңызды алаң. Бауырлас мемлекеттердің жас ұрпағын бір арнаға тоғыстырып, ортақ тарихты, жауынгерлік рухты дәріптейтін үлкен тағылым мектебі. Қоян-қолтық

ШАЛҒАЙДАҒЫ БӨЛІМШЕ

ТЫНЫШТЫҚТЫ ТАУДА ТЕРБЕТКЕН ТІРШІЛІК

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінің Мөркі шекара басқармасына қарасты «Қаратау» шекара бөлімшесінің тынысы – тәуелсіздік шебіндегі тынымсыз тіршіліктің бейнесі. Бұл бөлімше биік белестер мен күз-жартасты таулар арасындағы күрделі аймақта орналасқан. Табиғаттың сынағына толы бұл өңірде шекарашылардың бір күні – ерлікке, бір түні – төзімге толы. Биік шыңдармен шектескен бұл шекаралық аймақ – жауынгерлердің рухын қайрап, жігерін жанитын мекен.



Қаратау шекара бөлімшесінің сарбаздары үшін әрбір күн белгіленген тәртіппен емес, ел тағдырына тікелей жауап беретін міндетпен басталады. Таңғы тыныштықты алғаш бұзатын – бөлімшенің сап түзеген сарбаздарының нық қадамы. Олар шекара шебіне қарай бет алып, Отан алдындағы парызын өтеуге кіріседі. Бұл – қарапайым бақылау ғана емес, бұл – ұлттық қауіпсіздіктің алдыңғы шебінде тұру. Сол себепті әрбір қимыл, әрбір сөз, әрбір көзқарастың астарында тәртіп пен адалдық тұрады.

Ауа райының күрт құбылуы, таулы бедердің қиыншылығы, жабайы табиғатпен бетпе-бет келу – мұның бәрі шекара қызметінің күнделікті болмысына айналған. Бірақ Қаратаудағы шекарашылар үшін бұл – сынақ емес, бұл – сенім. Себебі олар өздеріне артылған жауапкершілікті шынайы сезінеді. Олардың алдында тұрған міндет – тек бақылау емес, болашаққа деген сенімді күзету. Сондықтан әрбір сарбаз өз учаскесіне жан-тәнімен беріліп қызмет етеді.

Бөлімше шекара шебінде жиі орын алатын заңсыз көші-қон, мал және тауар контрабандасына қарсы күресте нақты нәтижелерге қол жеткізуде. Шекарадан заңсыз өтпек болған тұлғалар мен мал иелерінің жолын кесу – бөлімшенің айнымас ұстанымына айналған. Жыл басынан бері ондаған құқықбұзушылық деректері анықталып, мемлекеттік шекараға жасалған қатердің жолы кесілді.

Бұл – шекарашылардың қырағылығының, кәсібилігінің және ұйымдасқан жұмысының нәтижесі.

Сонымен қатар, бөлімше аумағында сарбаздардың жауынгерлік даярлығы, моральдық-психологиялық тұрақтылығы мен физикалық шынығуы тұрақты бақылауда. Таулы өңірге тән ауыр жағдайларға бейімделу үшін арнайы бағдарлама аясында оқу-жаттығу жиындары, далалық шынығу, шолғын мен барлау даярлығы тұрақты ұйымдастырылады. Бұл жаттығулар тек кәсіби қабілетті арттырып қоймай, сарбаздардың бір-біріне деген сенімін, бөлімшенің бірлігін нығайтады.

Қаратау – жай ғана тау атауы емес, бұл – шекарашылардың табандылығы мен батылдығының символы. Осындай ерекше аймақта Отан шебін күзету – әр сарбаздың жүрегінде мақтанышпен тұрған міндет. Жаудың да, табиғаттың да тосын мінезіне дайын, әркез сергек, әрдайым сақ болу – Қаратау шекара бөлімшесінің өмір сүру салтына айналған. Осындай адал қызметтің арқасында шекара тыныш, халық аман, болашақ жарқын.



**Капитан
А. ЖЕКСЕНБИН, «OS-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.**

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ ДАЙЫНДЫҚ – ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Сыр өңірінің қасиетті топырағы – ежелден батырлық пен береке дарыған мекен. Бұл өлке талай тарихты бастан өткеріп, туған жер мен ел шебін қорғауда ер рухты ұрпақ тәрбиелеген. Осы топырақта дүниеге келген әр азаматтың бойында отансүйгіштік пен жауапкершілік сезімі тереңге тамыр жайған.



Бүгінгі таңда сол рухтың жалғасы ретінде шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында қызмет етіп жүрген сарбаздар мен мамандар Сыр елінің сенімін ақтап келеді. Қызылордада командалық-штабтық оқу-жаттығу өтті. Осы биік міндет аясында 2025 жылғы 20–23 мамыр аралығында Қызылорда облысында ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен ауқымды командалық-штабтық оқу-жаттығу (КШЖ) өткізілді. Жаттығу тақырыбы – «Қарулы басқыншылықты тойтару және қарулы арандатушылықтың жолын кесу бойынша арнайы шекара операциясын жоспарлау және өткізу» деп белгіленді. Бұл шара шекара шебінде туындайтын төтенше жағдайларда жедел әрі үйлесімді әрекет етуге, басқару құрылымдарының дайындық деңгейін жетілдіруге бағытталды.

КШЖ-ға 80 әскери қызметкер қатысып, нақты әскери-так-

тикалық жағдайларда өз дағдыларын шыңдады. Жаттығу барысында келесі бағыттар пысықталды:

- басқару органдарын жоғары жауынгерлік дайындық дәрежесіне келтіру;
- марш жасау, опорлық пункттер мен қорғаныс құрылыстарын далалық жағдайда жабдықтау;
- жасырын командалық пункттен басқару жүргізу;
- бөлімшелерге материалдық-техникалық, медициналық және инженерлік қолдау көрсету;
- қорғаныс ұрысын жүргізу әдістері.

Рух пен тәртіп – нәтижелі жұмыстың негізі. Жаттығудың әр кезеңі әскери бөлімшелер арасындағы бірлік пен өзара іс-қимылды нақтылады. Жоғары тәртіп, шапшаң шешім қабылдау, жедел бағыт-бағдар беру – жаттығудың сәтті өтуіне негіз болды. Жеке құрам өз міндеттерін абыроймен орындап,

кәсіби шеберліктерінің жоғары деңгейде екенін көрсетті. Бұл жаттығу далалық жағдайда әскери өмірдің нақты көрінісі іспетті өтті. Жауапкершілік пен шыдамдылықты талап ететін әр тапсырма шекара қызметкерлерінің жан-жақты дайын екенін дәлелдеді.

Сыр өңірінің шекарашылары — туған жердің тұтастығын күзеткен ұлт қорғаны. Олардың жоғары деңгейдегі дайындығы мен рухы — ел ертеңінің кепілі.



**Аға лейтенант
Ә. ТӨЛЕБАЙ,
«OS-ЧР».**
Суретті
түсірген автор.

ШАЛҒАЙДАҒЫ БӨЛІМШЕ

МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАНЫҢ СЕНІМДІ ҚОРҒАУШЫСЫ

Түркістан облысы Жетісай ауданының Атамекен ауылында орналасқан «Қоғалы» шекара бөлімшесі 2014 жылдың 30 желтоқсанында ашылған. Бөлімше басшысы – капитан Серікбаев Айбек Маратұлы.



«Қоғалы» шекара бөлімшесі Қазақстан мен Өзбекстан Республикалары арасындағы 21 шақырымдық мемлекеттік шекараның тұтастығын қырағы күзетіп, қорғауды қамтамасыз етіп келеді. 2024 жылы бөлімшенің қорғаныс қабілетінің жоғары болуының арқасында 2024 жылы 14 мемлекеттік шекара режимін және 56 шекара тәртібін бұзушы анықталған. «Қоғалы» шекара бөлімшесі – қызметтік тәртіп пен кәсіби шеберліктің үлгісі. Мәселен, 2023

жылы Түркістан облысы департаменті ұйымдастырған байқаудың қорытындысы бойынша «Үздік шекара бөлімшесі» атағын жеңіп алған.

Сондай-ақ, бөлімшенің жеке құрамы да үздік нәтижелерімен де көзге түсті. Бөлімшенің тағы бір жетістігі – жыл сайын көгалдандыру жұмыстарын жүргізіп, табиғатты қорғауға ерекше көңіл бөлуі. Шекара қызметінің маңызды бөлігі – қызметкерлердің кәсіби дайындығы. Мемлекеттік

шекараны күзетіп, еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде «Қоғалы» шекара бөлімшесінің орны айрықша. Бұл – шекара қызметінің абыройы мен жауапкершілігінің айқын айғағы.

**Майор Р. АСАДИЛОВ,
«OS-ЧР». Суреттер шекара
бөлімшесінен.**

БАТЫР МАЙДАНДА ШЫНЫҒАДЫ

Жауынгерлік әзірлікті жоғары деңгейге көтеруде далалық оқу жағдайындағы дайындық жиындары айрықша маңызға ие. Бұл шекарашы жеке құрамының шеберлігін шыңдап қана қоймай, ұжымдық қарым-қатынасқа негіз болатын әскери достықты нығайтуға мол мүмкіндік береді.



Ағымдағы жылғы 13-15 мамыры аралығында ҰҚК Шекара қызметі Атырау облысы бойынша департаменті техникалық және кәсіптік даярлық бөлімшесі «Көктем – 2025» шақырылымының сарбаздары «техникалық және кәсіптік даярлық бөлімшесінің әскери қызметшілерді дайындау оқу бағдарламасы» аясында далалық әскери-практикалық дайындықтан өтті. Мерзімді әскери қызметшілердің кәсіби дайындығы мен далалық білімін арттыруды мақсат тұтқан жиынға жауынгерлік дайындық және резервтерді қолдану бөлімінің бастығы полковник Мажит Бастенов басшылық етті.

Күнітзбеге көктем қонақтаған уақытта шекарашы атанған жас сарбаздар таңмен тайталасып, жауынгерлік жорыққа шықты. Алыс атыраппен қашықтықты қысқартуға құштар қызметтік көлік те сақадай сай. Барар бағыт – «Қарабатан» далалық ату алаңы. Ол шекарашылар шоғырланған департамент ғимараты табан тіреген қала орталығынан 40 шақырым қашықтықта орналасқан. Мұнайлы өлкедегі жасылкүнқағарлыларға көптен таныс аумақ. Ел шебінің тыныштығы мен тұтастығы үшін қолына қару алған жас жауынгерлер көздеріндегі от

асқақ айбыннан ақпар беретіндей. Батыл қадамдарынан шекара шақырымдарына адаспай келгендерін аңғардық.

Екі сағатқа жуық уақыт өткеннен кейін Отан сақшыларын Қарабатан құшақ жая қарсы алды. Атыс алаңының аумағын құмды кеңістік көмкерген. Темір бақылау мұнарасының етегінде қоныс тепкен ату айлағы жас шекарашыларды асыға күткендей әсер қалдырды. Себебі бұл ату алаңы талай сарбаздың томағасын сыпырып, қару ұстау қабілетін жоғарылатқан. Сарбаздардың сын сағатта сынақтан сүрінбей өтетінінің сыры да осында. Құдды әскерилерді даярлайтын ұстахана іспетті.

Құм құшағындағы Қарабатанға аялдаған уақытта бізді техникалық және кәсіптік даярлау бөлімшесінің бастығы подполковник Тілек Оспанбай қарсы алды. Талай сарбаздардың шалғайдағы шақырымдарын шыңдаған көнігі шекарашы атануына саналы еңбек жылдарын арнаған сардар алғашқы кезекте жаттығу кезеңінің бекітілген жоспарымен таныстырды. Кейіннен темір бақылау мұнарасы жанындағы сарбаздар сынақ тапсыратын оқу-ату алаңын бірге аралап шықты. Дәл осы төңіректе жас сарбаздар

5,45 мм АК-74 автоматынан бірінші оқу бақылау ату жаттығуын жүзеге асырмақ.

Сонан соң полковник Мажит Бастеновтың пәрменімен далалық жиынның негізгі бөлімі де кезек алды. Қаруына қаһар қонған сарбаздар сап түзеп, оқу-жаттығудың бірінші кезеңіне кірісті. Бұл қару түрінен тәжірибелік ату жаттығулары болатын. Екі ауысымға бөлінген жас сарбаздар бірінен кейін бірі 100 метр қашықтықта тұрған нысана-ларды көздеі бастады. «Өз нысандарың бойынша атысқа кіріс!» деген зілді дауыс естілгені сол еді, нысанаға қарай оқтар қарша борады. Барлығының мақсаты нысанаға дәл тигізу. Көзді ашып жұмғанша нысанадан табылған оқтар арасында ондықтан табылғандары көптеп кезігіп жатты. Алғашқы сынақтың өзінде-ақ жоғары нәтиже көрсеткен сарбаздар қару атуға қауқарлы екендіктерін аңғартты.

– Далалық жиын Шекара қызметінде жедел-жауынгерлік, арнайы және дене шынықтыру

Калашников автоматынан қорытынды ату жаттығуында олар жоғары нәтижелерді тіркеді. Далалық дайындықта күннің райы да нәтижеге көп әсер етеді. Бірақ мерзімді әскери қызметшілер осындай ашық аспан астындағы жаттығу жиындары арқылы шыңдалып, алдында кездесуі ықтимал қиындықтарға төтеп беруге дайын болады, – деді подполковник Тілектес Оспанбай.

Сәуір соңында ғана әскери ант қабылдап, мерзімді әскери қызметші атанған еңселі ұлдардың жанарынан қорқыныш пен үрейді мүлде байқамадық. Құдды ес білгелі егестен көз аспаған ерлер секілді. Өткір көзқарасы мен өжет болмысы айбыннан ақпар беріп тұрғандай. Бұл жас шекарашыларға жетекшілік ететін техникалық және кәсіптік даярлау бөлімшесіндегі майталман мамандардың жауапты қызметін аңғартса керек.

– Қарабатан далалық ату алаңындағы жиын ҰҚК Шекара қызметі Атырау облысы бойынша департамент бастығы полковник

Басты мақсат – аз ғана уақыттан соң шекара бөлімдері мен бөлімшесіне аттанатын сарбаздарды қауырт қызметке дайындау. Атыс және тәжірибелік жаттығуларды өткізу барысында қару-жарақ пен оқ дәрілерді қолдану кезінде қауіпсіздік ережелері қатаң сақталды. Мұндай жауынгерлік жорықтар жас сарбаздарды әскери өмірге бейімдеп, темірдей тәртіпке үйретеді, – деді полковник Мажит Бастенов.

Аз ғана айларды артқа жылжытсақ, жыл жаңартқан наурызбен бірге шекара табалдырығын аттаған жас шекарашылар осындай далалық дайындық жаттығулары туралы ойламағаны анық. Тіпті түсінде де, көрмеген болар?! Тек ұрыс даласын таспалаған деректі фильмдерден ғана көруге болатын көріністің басы-қасында төбе көрсету оларды қанаттандырса керек. Жуырда ғана өткен әскери ант қабылдау рәсіміне арнайы ат басын бұрған сарбаз ата-аналары тарапынан «Ұлым, сені мақтан тұтатамыз!» дегенді жиі естігенбіз. Ал ел шебіне аттанған перзенттерінің бүгінгі жауынгерлік жорығын көрсе, кеуделерін тағы бір мақтаныш сезімі көрнейтіні даусыз. Мемлекеттік шекара күзету үшін қару асынып, Отан сақшысы атанған жас шекарашылар бейбіт күннің нағыз батырлары десек, артық айтқанымыз болмас.

Бұл жас сарбаздардың техникалық және кәсіптік даярлық бөлімшесінен ұзап шыққан алғашқы сапары. Жиынның құндылығы сонысымен де арта түскендей. Жанындағы қаруласты тану үшін ұзақ сапарға шығудың қажет екенін ертеректе айтқан қазақ даналығы. Жақсы жолдастың жолда қалдырмайтыны және бар. Адалдықты ар-ожданмен аастастырып, мәртебелі міндет жүктеген жас шекарашылар мұны мамыражай мамырдағы далалық жиынында терең ұғынды.

Капитан Б. ҚОЖАНТАЙ,
«OS-ЧР». Суреттерді түсірген автор.



дайындығын ұйымдастыру мақсатын көздейді. Кез келген сарбазға атыс дайындығы ұнайды. Бүгінгі жас жауынгерлерден де сол құлшынысты көрдік. Алғашында оқтары тиісті нысанадан табылмай, дегбірі қашқандары да болды. Алайда іштегі қобалжуды жеңіп, 5,45 мм

Адиль Абесовтың бұйрығына сәйкес жүзеге асты. Жуырда ғана шекарашылар қатарын толықтырған «Көктем – 2025» шақырылымы сарбаздары далалық жиында қару түрінен тәжірибелік ату жаттығулары, тактикалық дайындық және тәжірибелік жаттығулар жүргізді.

ҚЫЗМЕТ

«ҚАЙРАТ» ШЕКАРА БӨЛІМШЕСІНІҢ ШЕЖІРЕСІ

Бейбіт аспан мен тыныш тірліктің негізі – мызғымас шекара. Осы қасиетті ұғымды абыроймен арқалап, ел шебін күзетіп келе жатқан құрылымдардың бірі – Жәнібек шекара басқармасына қарасты «Қайрат» шекара бөлімшесі.

Бұл бөлімше алғаш рет бөлімше болып 2005 жылдың 24 қыркүйегінде құрылған болатын. Ел тыныштығын қамтамасыз ету жолында талмай қызмет еткен құрылым 2008 жылы шекара бөлімшесі мәртебесіне ие болды. Сол уақыттан бастап, «Қайрат» бөлімшесі тек Жәнібек ауданының ғана емес, тұтас облыстың қауіпсіздігін күзетуде сүбелі үлес қосып келеді.

«Қайрат» шекара бөлімшесінің атауы кездейсоқ қойылған жоқ. Ол Жәнібек ауданына қарасты Қайрат ауылына жақын маңда орналасқан. Табиғаты көз тартар бұл өңірден еркін ағып өтетін көне Орал өзені шекарашылар қызметін әсем көрініспен әрлеп тұрғандай. Жасыл желекке оранған шекара шебі – бейбіт елдің күзетінде тұрған сарбаздарға рух пен шабыт береді.

2024 жылдың қорытындысы бойынша «Қайрат» шекара бөлімшесі үздіктердің қатарынан көрінді. Себебі бөлімше қызметкерлері жыл ішінде шамамен 50-ге жуық шекаралық құқық бұзушылықты анықтап, заң бұзушыларды ұстады. Бұл – тек сан ғана емес, тәртіп пен жауапкершіліктің айқын көрінісі. Мұндай көрсеткішке жету – кәсіби шеберлікпен қатар, шынайы патриотизмнің де дәлелі.

Бұл бөлімшеде қызмет етіп жүрген әскери қызмет-

шілердің арасында ерлігімен ел есінде қалған азаматтар да бар. Солардың бірі — бөлімшенің аға сержанты Тайкенжин Рафхат Макашевич. Осыдан үш жыл бұрын ол жоғалып кеткен үш жасар қызды және оның жанында болған итімен бірге тауып алып, үлкен ерлік жасады. Бұл оқиға бүкіл елге тарады. Жасаған ерлігі үшін Рафхат Макашевичке Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Ерлік» медалі табысталды. Бұл марапат — нағыз шекарашының жүрегінде елге деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімі болғанының айғағы.

«Қайрат» шекара бөлімшесінің шекарашылары – жай ғана әскери қызметшілер емес, олар – тәуелсіз елдің шекарасын көздің қарашығындай сақтап жүрген ерлер. Әрбір күндерін ел қауіпсіздігіне арнаған бұл азаматтар – қашанда халықтың сеніміне ие.

Аға лейтенант А. КӨЛБАЙ,
«OS-ЧР». Сурет шекара бөлімшесінен.



ИСТОРИЯ ОТДЕЛЕНИЯ ПОГРАНИЧНОГО КОНТРОЛЯ «ЖЕЛКУАР»

В 28 километрах от города Житикара Житикаринского района Костанайской области, на линии Государственной границы дислоцируется стратегически важный рубеж – отделение пограничного контроля «Желкуар» (автомобильное).



Первым начальником «Желкуар» стал старший лейтенант М. Сыздыков, возглавлявший подразделение с 2004 по 2006 годы. Под его руководством началась активная работа по обустройству поста и налаживанию взаимодействия с правоохранительными и государственными органами региона.

На протяжении всей истории личный состав отделения неоднократно участвовал в задержании нарушителей государственной границы. Один из последних резонансных случаев произошел в ноябре прошлого года, когда военнослужащие выставили заслон и успешно задержали двух граждан Азербайджана, пытавшихся незаконно пересечь границу.

Сегодня подразделение возглавляет капитан Бибарыс Исабай вместе с заместителями – капитанами Сергеем Симко и Нурсултаном Молдияровым.

Основная задача пункта пропуска – обеспечение пропуска лиц, транспортных средств и грузов через Государственную границу страны, а также недопущение ее нарушения и попыток контрабандного провоза запрещенных предметов.

Отделение пограничного контроля «Желкуар» оснащено современными средствами пограничного контроля. В арсенале специалистов – сканеры отпечатков пальцев, ультрафиолетовые устройства для проверки подлинности документов, камеры для досмотра труднодоступных участков автомобилей и другие технические средства, позволяющие эффективно выполнять задачи государственной важности.

Особое внимание на пункте пропуска уделяется работе с подрастающим поколением. В рамках военно-патриотического воспитания налажено тесное сотрудничество с гимназией №7 г. Житикара. На базе школы действует клуб юных патриотов «Жас шекарашы», которому в начале года был торжественно вручен вымпел – символ преемственности поколений защитников Отечества.

Особенность местности, где расположено подразделение – это слияние двух рек Берсуат и Синташты, дающих начало реке Желкуар, которая в дальнейшем впадает в Тобол, а затем в Северный Ледовитый океан. В честь этой реки и по-



лучило свое имя отделение пограничного контроля.



**Лейтенант
Н. САКЕН,
«ОС-ЧР».**
Фото из
подразделения
границы.

ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ СЕНІМДІ ҚАҚПАСЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы – елдің қауіпсіздігі мен тұтастығын сақтаудың басты кепілі. Осы қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті Семей шекара басқармасының «Қоянбай» шекаралық бақылау бөлімшесінің алатын орны ерекше. Бұл бөлімше Қазақстан мен Ресей Федерациясы арасындағы мемлекеттік шекарада орналасып, екіжақты қатынас үшін ашық автомобиль өткізу пунктін ретінде маңызды рөл атқарады.



«Қоянбай» шекаралық бақылау бөлімшесі 2004 жылдың 27 ақпанында ҚР Үкіметінің № 238 қаулысына сәйкес құрылды. Оның негізгі мақсаты – шекара арқылы адамдардың, көлік құралдарының, жүктер мен тауарлардың өтуін қатаң бақылау және реттеу. Мемлекеттік шекараны қорғау, заңсыз өтулер мен контрабанданың алдын алу, терроризм мен басқа да қауіп-қатерлерге тосқауыл қою басты міндеттердің бірі болып табылады. Сонымен қатар, шекаралық режимді сақтап, азаматтар мен жүк тасымалдаушылардың шекарадан өту тәртібін қадағалау және халықаралық келісімдерге сәйкес жұмыс істеу бөлімшенің маңызды бағыттары.

«Қоянбай» бөлімшесі Абай облысы Бесқарағай ауданы Қоянбай аумағында орналасқан және осы облыстың шекаралық аймағына жауапты. Бұл бөлімше арқылы жеңіл көліктер, жүк көліктері және

автобустар өтіп, халықаралық сауда мен көші-қон ағындарын реттеуде белсенді жұмыс істейді. Шекаралық бақылау тәртібі Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік шекара туралы» заңына және басқа нормативтік актілерге негізделіп, арнайы құқықтық және ұйымдастырушылық шаралармен жүзеге асады.

«Қоянбай» бөлімшесінде қызмет ететін мамандар – бұл шекара қызметінің барлық салаларын меңгерген кәсіби кадрлар. Жұхатарды тексерушілер жолаушылардың жеке басын куәландыратын құжаттардың түпнұсқалығын анықтап, заң бұзушылықтардың алдын алады. Кинологтар мен техник-мамандар бөлімшенің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауап береді. Барлық қызметкерлер арнайы даярлықтан өтіп, ҚР ҰҚК Шекара академиясында жоғары кәсіби білім алады.

Шекарадан өтушілерге қойы-

латын талаптар мен ережелер қатаң сақталады. Жеке тұлғалар жарамды төлқұжаттарымен, ал көлік жүргізушілері жүргізуші куәлігі мен көлік тіркеу құжаттарымен қамтамасыз етілулері тиіс. Заңсыз әрекеттерге, жалған құжат қолдануға, контрабандаға, шекара бұзу әрекеттеріне жол берілмейді және бұл құқық бұзушылықтар қатаң жазаланады.

«Қоянбай» шекаралық бақылау бөлімшесі өзге құқық қорғау, кеден, полиция, көші-қон және ҰҚК органдарымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді. Бұл өзара әрекеттестік шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, заңсыз әрекеттерді анықтап, алдын алуда аса маңызды рөл атқарады. Медициналық қызметтер мен төтенше жағдайлар қызметтерімен де бірлесіп жұмыс жүргізіледі.

Айта кету керек, «Қоянбай» бөлімшесінің қызметкерлері тек күзет қызметін ғана атқармайды.

Олар азаматтарға көмек көрсетуде, түрлі дағдарыс жағдайларында жедел әрекет етеді. Жол бойында көмекке мұқтаж жолаушыларға медициналық көмек көрсету, жоғалған заттарды іздестіру, балалар мен қарттарға бағыт-бағдар беру – осындай әлеуметтік маңызы бар міндеттер де олардың күнделікті жұмысының құрамдас бөлігі.

Сонымен қатар, бөлімше қызметкерлері үнемі кәсіби біліктілігін арттыруға мән береді. Оқыту курстары, арнайы жаттығулар мен тренингтер тұрақты түрде өткізіліп, қызметкерлер шекара қауіпсіздігі саласындағы ең озық технологиялар мен әдістерді меңгереді. Бұл олардың кез келген жағдайға дайын болуына, жоғары нәтижелі жұмыс істеуіне ықпал етеді.

Сондай-ақ, бөлімшенің әлеуметтік өмірі де назардан тыс қалмайды. Қызметкерлердің отбасы мен жақындарымен байланыс ор-

нату, кәсіби мерекелерді атап өту, спорттық және мәдени іс-шаралар ұйымдастыру арқылы ұжымның рухын көтеру, қызметкерлердің ынтымақтасуын арттыруға көңіл бөлінеді. Бұл еңбек ұжымының тұрақтылығын және жоғары кәсіби деңгейін сақтауға көмектеседі.


Осылайша, «Қоянбай» шекаралық бақылау бөлімшесі – тек мемлекеттік шекараны күзетіп қана қоймай, елдің тыныштығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін сенімді құрылым. Қазақстанның шекарасын қорғаудағы олардың еңбегі ұшан-теңіз, әрі бұл ұжым елдің болашағына деген сенімділіктің кепілі болып табылады.



**Лейтенант
Е. ҚАЙРТАЙ,
«ОС-ЧР».**
Сурет
бөлімшеден.

АДАЛ ҚЫЗМЕТКЕР

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті Семей шекара басқармасына қарасты Жезкент шекара бөлімшесінде қызмет ететін старшина аға сержант Чукмайтов Тимур Хайролладиновичтің қызметі мен жеке өміріне шолу.



шекара бөлімшесінде қызметін жалғастырған. Онда 2011 жылдың қыркүйегіне дейін қызмет етті, бұл уақыт ішінде контрабандалық тауарлар мен есірткі заттарының бірнеше ірі ұсталымына қатысып, ел қауіпсіздігін сақтауда маңызды рөл атқарды.

2011 жылы тамызда Жезкент шекара бөлімшесіне ауысып, шекара режимін қатаң бақылауда ұстады. 2020 жылы жергілікті халықпен жұмыс істеу бойынша көмекші қызметке тағайындалып, қоғаммен үйлесімді қатынасты дамытуға күш салды. Осы қызметте заң бұзушылықтардың алдын алу мен жоюға белсенді араласты. 2021 жылы бөлімшенің құрылымдық өзгерістері нәтижесінде лауазымы қысқартылды, алайда 2022 жылдан бастап Жезкент шекара бөлімшесінің старшинасы қызметін атқаруда.

Тимур Хайролладинович кәсіби қызметінде тәртіпке қатаң жауапкершілігі мол қызметкер ретінде танылған. Ол әрдайым өз борышын адал орындап, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін үздіксіз жұмыс істеуде.

Оның тәжірибесі мен кәсіби дағдылары шекара қызметінің тиімділігін арттыруға септігін тигізуде.

Жеке өмірінде де ұдайы көңіл бөледі, ол 2021 жылы өмірлік серігі Светлана Камилевнаға үйленді. Олардың отбасы екі баламен толықты. 2022 жылы ұлдары Амир дүниеге келсе, 2024 жылы қыздары Рамина өмірге келді. Отбасы – оның сенімді тірегі әрі рухани қолдауы.

Тимур Хайролладинович – өзінің адалдығы мен табандылығымен Қазақстан Республикасының шекарасын қорғауда маңызды тұлға. Ол өз ісіне деген құрметі мен сүйіспеншілігі арқылы жас шекарашыларға үлгі көрсетіп келеді және шекара қызметінің дамуына өзіндік үлесін қосуда.

Лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ,
«OS-ЧР».
Сурет бөлімшеден.

ЕЛ ШЕБІН КҮЗЕТКЕН ЕР

Шекара қызметі – бұл жай ғана қызмет емес, бұл – Отан алдындағы қасиетті парыз, ер жүректілердің таңдауы. Осы бір мәртебелі міндетті абыроймен арқалап, 20 жылдан астам уақытын ел шебін күзетуге арнаған аға сержант Асқар Гумаров – өз ісінің нағыз шебері, шынайы патриот, үлгілі отбасының тірегі.



маттарға тосқауыл қойып, шекара бұзушылардың қарсылығына қарамастан батыл шешім қабылдады. 2010 жылдары да шекарадан заңсыз шашамен 50 бас ірі қараны айдап өтпек болған әрекеттің жолын кескен.

Бұдан бөлек, 2005 жылы Тасмола шекара бөлімшесінде қоймалар мен әскери техникаға арналған гараждардың құрылысына тікелей атсалысып, бөлімшенің материалдық-техникалық базасын нығайтуға үлес қосты.

Бүгінде аға сержант А.Гумаров – тек шекарашы ғана емес, сондай-ақ жас әскери қызметшілерге тәлім беріп жүрген ұстаз. Өз тәжірибесімен бөлісіп, кеңес беруден жалықпайды. Оның әр сөзі – шыншылдыққа, тәртіпке, патриотизмге толы. Көпке үлгі боларлық мінезі мен

байыпты болмысы арқылы ол әріптестері арасында зор құрметке ие. Оның басты байлығы – жанұясы. Жұбайы Әсел бала тәрбиесімен айналысып, отбасының жылуын сақтап отыр. Асқар – бес баланың әкесі. Оның ұлдары мен қыздары үшін өке бейнесі – батырлық пен адалдықтың үлгісі. Асқар үшін отбасы тыныштығы мен Отан алдындағы борыш – егіз ұғым.

Осы жылы ол 20 жылдық қызметін аяқтап, зейнеткерлікке шығуға дайындалуда. Бірақ оның өмір жолы мен өнегелі қызметі әлі талай жас шекарашылар үшін үлгі болмақ. Асқар Гумаров – болмысымен биік, жүрегімен адал, ұлтына ұран бола білген нағыз жауынгер.

Асқар Гумаров түрлі лауазымдарды атқара жүріп, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде талай табандылық пен кәсіби біліктілік танытты. Ол мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтпек болған азаматтарды дер кезінде анықтап, тыйым салынған заттардың ел аумағына енуіне жол бермеді. Әсіресе, 2007 жылы барлау-іздістелу тобы шеңберінде ұйымдастырылған шекара наряды кезінде Ресей Федерациясынан Қазақстанға заңсыз құрылыс материалдарын алып өтпек болған аза-




Аға лейтенант
А. КӨЛБАЙ, «OS-ЧР».
Сурет шекара
бөлімшесінен.

ҚЫРАҒЫЛЫҚ – БАСТЫ ҚАРУ

Данияр Павлодар облысы бойынша департаментінің 2024 жылғы қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетінің қорытындысы бойынша шекаралық бақылау бөлімшесінің «Үздік бақылаушысы» атанған өз ісіне жан-тәнімен берілген, шекара тыныштығын күзетуде жоғары кәсіби шеберлігімен танылып жүрген жас маман.

Ол 1995 жылы 30 сәуірде Павлодар қаласында дүниеге келген. Білімін Павлодар педагогикалық университетінде «Дене шынықтыру және спорт» пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша алған. Әскер қатарына 2017 жылы шақырылып, ҰҚК Шекара қызметінің Үшарал қаласындағы 2484 әскери бөлімінде борышын өтеген. Әскери ортаға бейімделіп, тәртіп пен төзімділікті бойына сіңірген жас жігіт 2019 жылы келісімшарт негізінде Шекара қызметіне қайта оралып, бүгінгі күнге дейін «Шарбақты» (автомобильдік) шекаралық бақылау

Мемлекеттік шекараны қорғау Отанға деген адалдық пен жауапкершіліктің биік көрінісі. Осындай қасиетті борышты жоғары жауапкершілікпен атқарып, қызметке деген шынайы сүйіспеншілігін ісімен дәлелдеп жүрген шекарашылардың бірі – ефрейтор Мусалимов Данияр Жолатович.



бөлімшесінде аға техник-бақылаушы қызметін атқарып келеді.

Күн сайынғы шекаралық бақылау, жолаушылар мен көліктерді тексеру, тәртіп бұзушыларды анықтау оның күнделікті қызметінің бір бөлігі болып табылады. Ефрейтор Д.Мусалимовтың кәсібилігі мен ептілігі арқасында соңғы бір жыл ішінде 30-ға жуық контрабанда фактісі, жалған құжат бойынша 3 дерек, қос азаматтыққа қатысты 5 құқық бұзушылық, сондай-ақ қару мен оқ-дәріге байланысты 2 дерек тіркелген. Сонымен қатар, электрошокерлер мен пышақтарды заңсыз алып өтудің бірнеше жағдайын анықтап, құқық қорғау органдарына дер кезінде тапсырған.

Әскери тәртіпті берік ұстанатын Данияр әрбір тәуліктік нарядқа шығар алдында әдістемелік материалдарды мұқият зерделеп, тыйым салынған заттарды жасырын алып өту тәсіл-

дерін оқып, бұйрықпен танысып, жауапты қызметке сақадай сай аттанатын айтады.

Қызметтен тыс уақытта ол отбасына көңіл бөледі. Үйде сүйікті жар және кішкентай қызының қамқор әкесі. Спортпен айналысып, жаңалық оқып, өзін дамытуға ден қояды. «Мен шекара қызметінде қызмет атқарғаныма мақтанамын. Бұл қызмет мені шыңдап, өмірге деген көзқарасымды қалыптастырды», – дейді ол.

Тыныш таңның, бейбіт күннің күзетінде қызмет етіп жүрген ефрейтор Д.Мусалимов сынды шекарашыларымыз ел тәуелсіздігінің сенімді қорғаны болып қала бермек.



Майор
Г. САДЫКОВА,
«OS-ЧР».
Сурет шекаралық
бақылау
бөлімшесінен.

РАБОТА, ДОСТОЙНАЯ УВАЖЕНИЯ

Год рабочих профессий в Казахстане – это признание вклада людей, чьими руками строится прочный фундамент национального благополучия. Один из таких настоящих профессионалов – Есен Ибрагим, электромонтер по ремонту и обслуживанию электрооборудования, который более десяти лет трудится в управлении снабжения «Актау» Пограничной службы КНБ.

В круг обязанностей специалиста входит ремонт, установка и техническое обслуживание электрических сетей, приборов и оборудования, обеспечение бесперебойной работы осветительных и отопительных систем, а также модернизация инфраструктуры объектов управления.

– Есен – один из лучших наших сотрудников. Благодаря его стараниям и ответственному подходу, в управлении проделано немало важной и нужной работы. К примеру, на смену старым осветительным лампам он установил современные прожекторы, что значительно улучшило освещенность территории. Внутри ангара были смонтированы сварочный станок и оборудование для выравнивания и резки проволоки. К подъемным вышкам проложена электропроводка, подключены обогреватели и кондиционеры. В штаб, роту и на другие объекты установлены отопительные приборы. На заправочных станциях смонтированы осветительные лампы и выключатели. Все это – результат его труда, – говорит заместитель начальника управления по воспитательной, идеологической и кадровой работе подполковник Бердалы Сапаралиев.

Коллеги отмечают не только профессионализм Есена Ибрагима, но и его человеческие качества. Он дисциплинированный, скромный и всегда готовый прийти на помощь коллегам. Отличается высокой трудовой культурой, инициативностью и вниманием к деталям.

– Его труд – это не просто обслуживание электрооборудования. В первую очередь обеспечение безопасности военнослужащих и гражданского персонала управления. Именно такие специалисты формируют надежный тыл Пограничной службы, – подчеркнул офицер.

В Год рабочих профессий Есен Ибрагим по праву может служить примером для молодежи. Его история – это наглядное доказательство того, что любая работа, если она выполнена с душой и честью, достойна уважения и признания.

Капитан А. ЖАНАЛИПОВ,
«OS-ЧР». Фото из личного архива
Е. ИБРАГИМ.



ӨЗ ІСІНЕ АДАЛ ЖАН

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің Зайсан шекара басқармасы шаруашылық қамтамасыз ету тобының монша-кір жуу комбинатының операторы Рая Сейтжанқызы Керейбаева — өз ісіне адал, көп жылдық еңбек етілі бар тәжірибелі маман.



Оның күнделікті атқаратын қызметі көпшілікке елеусіз көрінгенімен, шекара бойында ел тыныштығын күзетіп жүрген әскери қызметшілердің өмір сүру жағдайын жақсартуда маңызды рөл атқарады. Монша мен кір жуу қызметі — шекарашылардың санитарлық-тұрмыстық жағдайын қамтамасыз ететін негізгі тетіктердің бірі.

Рая Сейтжанқызы бұл жауапкершілікті сезіне отырып, өз жұмысын үлкен ұқыптылықпен және жанашырлықпен атқарады. Ол әрдайым қызмет барысында тиянақтылық пен жауапкершілікті алдыңғы орынға қояды. Қызметкерлердің киімі әрдайым таза, монша қызметі уақтылы әрі сапалы болуына бар күшін салып келеді. Осы бір қарапайым, бірақ өте маңызды істің артында үлкен еңбек, жанкештілік және тәртіп бар. Рая апайдың ұқыпты да еңбекқор болмысы оның әріптестері арасында зор құрметке ие. Олар оны еңбекқор, байсалды, кішіпейіл және әрқашан көмекке дайын жан ретінде сипаттайды.

Көп жылғы мінсіз еңбегі үшін Рая Сейтжанқызы бірнеше рет марапатталып, алғыс хаттар мен құрмет грамоталарына ие болған. Бұл марапаттар оның қажырлы еңбегінің нақты нәтижесі екені сөзсіз.

Рая Керейбаева — тек өз ісінің шебері

ғана емес, сондай-ақ отбасының тірегі, бала-шағаның қамқоршысы. Өмірлік жолдасы Серікхан Тікабаевпен отасқалы 34 жылдан асыпты, екеуі 3 баланы өсіріп тәрбиелеп келеді. Бүгінде екі немеренің апа-атасы.

Ол бос уақытында да еңбектен қол үзбей, үй шаруасына ұқыпты, ұрпағына еңбекқорлық пен адамгершілік қасиеттерін үйретіп келеді. Қарапайым болмысы, жылы жүзі мен көң пейілі оны айналасындағы жандарға жақын етеді. Оның өмір жолы мен еңбекке деген адалдығы — бүгінгі жас ұрпаққа үлгі боларлықтай.

Рая Сейтжанқызының еңбегі — елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүрген шекарашылардың күнделікті тыныс-тіршілігін жеңілдетуге бағытталған шынайы жанашырлық пен тынымсыз қызметтің көрінісі. Осындай жандардың еңбегі арқасында шекара шебіндегі тәртіп пен тыныштық сақталып, әскери қызметкерлер өз міндеттерін мінсіз атқаруға мүмкіндік алады. Рая Керейбаеваға зор денсаулық, еңбегіне табыс пен отбасына амандық тілейміз. Елге сіңірген еңбегіңіз ешқашан ескерусіз қалмасын!

Майор Ф. БАКЕТОВ, «OS-ЧР».
Сурет шекара басқармасынан.

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛЕНГЕН ЖАН

Ұқыптылық пен тазалық - тәртіп пен мәдениеттіліктің белгісі. Ал сол тазалықты қамтамасыз етіп отыру сырт көзге елеусіз көрінгенімен, үлкен жауапкершілік пен қажырлы еңбекті талап ететін іс екені рас. Осындай еңбек иесі Шекара қызметінің Павлодар облысы бойынша департаментінің еден жуушысы болып қызмет ететін Булижанова Бақтыгүл Дүйсебайқызы.

Биыл Бақтыгүл апайдың осы салада тер төгіп келе жатқанына тура 15 жыл толып отыр. Ол алғаш жұмысқа кіргенде мекеме 2033 әскери бөлімі болып аталған еді. Сол уақыттан бері қаншама басшылық ауысты, құрылым атауы да өзгерді, бірақ өзгермеген бір нәрсе ғана: ол Бақтыгүл апайдың өз ісіне деген адалдығы мен шын берілгендігі.

– «Маған әскери ортада еңбек еткен ұнайды. Мұндағы тәртіп пен тазалыққа деген көзқарас ерекше. Шекарашылардың бәрі сыйлап тұрады, мен де барынша оларға лайық болуға тырысамын», – дейді Бақтыгүл апай қарапайым ғана жымып.

Оның жұмыс күні таңғы 8:00-де басталғанымен, Бақтыгүл апай одан да ертерек келуді әдетке айналдырған. Себебі, әскери қызметшілер жұмысқа кірісер сәтте кабинеттер мен дәліздердің тап-таза болып тұрғанын қалайды. Сол үшін бар күшін салып, еден жуып, шаң сүртіп, кіреберісті жылтыратып қояды.

– «Жұмыс орны таза болса, адамның көңіл-күйі де көтеріңкі болады. Ал көтеріңкі көңіл өнімді еңбектің көпілі», – дейді ол. Ұжымымызда барлығы Бақтыгүл апайды ашық-жарқын мінезі, жайдарылығы, тез тіл табысқыш қасиеттері үшін жақсы көреді. Әрбір кабинетке кіргенде бір сәт болса да жылы сөйлесіп, хал сұрасып шығатын қасиеті оның көпшілікпен тез тіл табысуына себеп болса керек.

Бақтыгүл Дүйсебайқызы 1964 жылы 3 ақпанда Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Шалқар ауылында дүниеге келген. 1981 жылы Павлодар қаласына қоныс аударып, еңбек жолын сол кездегі Трактор зауытында штамповщица ретінде бастаған. Бүгінде өмірден көргені мен



түйгені мол үш баланың анасы, алты немеренің асыл әжесі.

Бос уақытын немерелерінің тәрбиесіне арнайды. «Адамның артына қалдырар ізі тәрбиелі ұрпақ. Немерелерімнің ертеңі жарқын болсын десек, бүгін жақсы өнеге көрсетуіміз керек», – дейді апай.

Бақтыгүл апай еңбекпен келген абыройдың айқын үлгісі. Оның еңбегі әскери тәртіптің ажырамас бір бөлігі. Департамент тазалығы осы кісімен қатар тер төгіп жүрген жандардың еңбегінің арқасы.

Осындай жандардың еңбегі ешқашан назардан тыс қалмауы тиіс. Себебі, олар – үнсіз жүріп, үлкен іс тындырып жүрген нағыз еңбек адамдары.

Майор Г. САДЫКОВА,
«OS-ЧР». Суретті
түсірген автор.

ӨЗ ІСІНІҢ МАМАНЫ

Шекара қызметіне қосқан елеулі үлесімен, кәсіби міндетіне деген адалдығымен және отбасылық құндылықтарды мызғымас түрде сақтап қалуымен көзге түскен азаматшаның бірі - есепші Кадыркулова Гүлсара Тулешовна.



Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау ауданы Лубен ауылында 1966 жылдың 20 желтоқсан күні дүниеге келген Гүлсара Кадыркулова – жауапкершілік пен табандылықтың, өз мамандығына шын жүректен берілгендіктің тікелей көрінісі болып табылады. Оның еңбек жолы ауыл есепшісінен басталып, әскери қызметке дейін кең аумақты қамтып, отбасы мен қоғамға деген сенімділігімен толықтырылған өмірлік сапар. Бастауыш білімін 1984 жылы мектептен аяқтағаннан кейін, Орал қаласындағы ауылшаруашылық институтының «Экономика» факультетіне бухгалтерлік есеп маманы болу мақсатында жоғары білім алуға түсті. 1988 жылы тұрмыс құрғаннан кейін, Шыңғырлау ауданындағы Полтавка совхозында 3 жыл бойы өз біліміне сай мамандықта қызмет атқарды. Жолдасының Үкіметтік байланыс полкіне ауысуына байланысты онымен бірге қоныс аударды. Еңбекке деген құштарлығын ол совхоздағы бухгалтер қызметінде айқын көрсетті.

1994 жылы жұбайымен бірге Алматы қаласындағы 2029 әскери бөлімшеге қызмет бабына байланысты көшіп келеді. Кейін, 2001 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің 2021-ші оқу отрядына шақырылды. Қызмет жолын 2018-ші әскери бөлімшеде (Ақтау қаласы) тәжірибесін одан әрі тереңдетіп жалғастырды. 2014 жылы зейнеткерлік демалысқа шыққанына қарамастан, 2015 жылдан бері ҰҚК Шекара қызметінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінде қаржы бөлімінің маманы ретінде еңбек жолын бүгінге дейін сәтті жалғастырып келеді. Шекара қызметіне арналған жалпы еңбек өнімі 25 жылға жетіп отыр.

Жұбайымен бір шаңырақ астында бірігіп 37 жыл өмір сүруде. Жолдасы ҰҚК Шекара қызметінің ардагер офицері запастағы подполковник. Ұлы жеке кәсіпкерлікпен, ал қызы медицина саласында ақ халатты абзал жандардың қатарында. Бүгінде Г.Кадыркулова немересінің сүйікті әжесі.

Гүлсара Тулешовнаның өмір жолы – табандылық пен адамгершілік қасиеттерді үйлестіре сақтаған тұлғаның үлгілі өмірі. Оның тағдыры – жас мамандар үшін жарқын үлгі, отбасы үшін сенімді тірек, ұрпақ үшін құнды мұра.



Лейтенант
Ж. ШАРМАКОВ,
«OS-ЧР».
Суретті
түсірген автор.

ЕҢБЕГІ ЕЛЕНГЕН ЖАН

Мемлекет шекарасын күзету – тек әскери форма киген сарбаздардың ғана емес, сол құрылымда қатар еңбек етіп жүрген мыңдаған қарапайым мамандардың да ортақ міндеті. Қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыз ету жолында әр маманның рөлі ерекше. Солардың қатарында, еңбекке адалдығымен, сабырлы мінезімен және тұрақтылығымен ерекшеленетін жандардың бірі – Көшеубаева Индира Серікбайқызы.

Индира Серікбайқызы 1975 жылдың 28 мамырында Қызылорда қаласында дүниеге келген. 2002 жылы ол тағам дайындау ісі бойынша аспаз мамандығын меңгеріп, еңбек жолын осы салада бастаған. Алайда тағдыр жолы оны ел қауіпсіздігі саласына жақын етіп, 2006 жылдан бастап бүгінге дейін ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің кір жуу комбинатында абыроймен еңбек етіп келеді. Күнделікті қызметтік киімдердің тап-тұйнақтай болуы — шекарашының сыртқы келбетіне ғана емес, ішкі тәртібі мен ұқыптылығына да әсер ететіні белгілі. Осындай міндетті үлкен жауапкершілікпен атқарып жүрген Индира Серікбайқызы – шекара құрылымындағы тыныш еңбек ырғағының ажырамас бөлігі. Оның тынымсыз еңбегі мен ұқыптылығы ұжым тарапынан әрдайым жоғары бағаланып келеді. Ол қызметте ғана емес, отбасында да абыройлы ана, ардақты әже. Бір қыз өсіріп, бүгінде екі немересінің сүйікті әжесі атанып отыр. Өзінің мейірімділігімен, байсалды болмысымен және еңбекке деген құрметімен жастарға үлгі бола білетін тұлға.

Шекара қызметіндегі мұндай еңбек иелері — көбіне көзге көріне бермейтін, бірақ бүкіл жүйенің үндестікпен жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін алтын тіректер. Олар — тыныштықтың тынысын терең сезініп, ел үшін маңдай терін төгетін қарапайым, бірақ қаһарман жандар.

Көшеубаева Индира Серікбайқызының көп жылғы адал еңбегі, шекара құрылымындағы тәртіп пен тазалықты сақтау жолындағы қызметі — шын мәнінде елеулі үлес. Еңбегімен елге үлгі болып отырған осындай жандардың өмірі мен қызмет жолы жас ұрпаққа тәлім, елдік пен еңбекқорлықтың жарқын үлгісі болмақ.

Аға лейтенант Ә. ТӨЛЕБАЙ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.



ШЕКАРА ТЫНЫСЫН ЖЫЛЫТЫП ЖҮРГЕН АЗАМАТ

Тыныштық пен тәртіп күзетінде тұрған шекарашылар үшін әрбір күн — сынаққа толы. Олар таулы, жазықты, боранды немесе аптапты аймақта болсын, ел шебін қырағылықпен күзетіп, мемлекет тыныштығының қалқаны бола білуде. Осындай асқақ борыстың абыроймен арқалап жүрген сарбаздардың қатарында қызмет ететін әрбір маман — ортақ іске өз үлесін қосып жатқан тұлға. Солардың бірі — ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментіне қарасты Жамбыл ауданы бойынша шекара басқармасының «Бесағаш» шекара бөлімшесіндегі қазандық операторы Медетбеков Марат Бақытбекұлы.



кездер жиі болады. Мұндай сәттерде Марат тәуліктің кез келген мезетінде жұмыс орнына келіп, қажетті әрекеттерді жасайды. Себебі оның кәсібі — сарбаздардың жайлылығы мен денсаулығына тікелей жауап беретін қызмет.

Медетбеков Марат Бақытбекұлы — бір қарағанда қарапайым еңбек адамы. Бірақ ол шекара шебіндегі тыныштықты сырттай емес, іштей сақтап жүрген азамат. Қолымен емес, жүрегімен жылытуға тырысатын мұндай жандар — нағыз ел жанашырлары. Оның жұмысқа деген жауапкершілігі, ұқыптылығы және өз ісіне адалдығы жас сарбаздарға да үлгі. Қатардағы жауынгерлер оның атын құрметпен айтып, «аға» деп сыйлайды. Себебі, сарбаз үшін

жылу — жай ғана температура емес, бұл — үйдің, ананың, Отанның мейірімі.

Ол ешқашан өз жұмысын міндетсінбей, керісінше, мақтанышпен орындайды. «Менің қызметім — сырттай қарағанда жай ғана от жағу. Бірақ сол оттың артында бір рота сарбаздың денсаулығы, демалысы, ертеңгі міндетіне дайындығы тұр», — дейді ол салиқалы үнмен. Бұл сөздер — оның азаматтық және кәсіби ұстанымының көрінісі.

Медетбеков Марат Бақытбекұлы — ел іргесін күзетіп жүрген шекарашылардың көзге көрінбейтін қорғаны, жылу мен жан жылуын қатар таратқан маман. Оның еңбегі — тыныштықтың тасадағы тірегі. Міне, осындай елеусіз көрінетін, бірақ ерен қызмет атқарып жүрген жандардың арқасында шекара тыныш, сарбаздар сергек, Отан аман.

Капитан А. ЖЕКСЕНБИН,
«OS-ЧР». Суретті түсірген
лейтенант Д. БАШИРОВ.

ЖАН ЖЫЛУЫН ТАРАТҚАН АСПАЗ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасы «Жетісу» шекара бөлімшесінің аспазы Оксана Козлова ұжымның алтын жүректі жанашыры. Ол – асхана отының басында тұрып, шекарашылардың дәмді әрі құнарлы тағаммен тамақтануына үлкен жауапкершілікпен қарайтын білікті маман, мейірімді ана, жайдары мінезді әріптес.



Оксана Николаевна Жетісу облысы, Николаев ауданындағы Үшарал ауылында дүниеге келген. Әкесі – әскери қызметші болса, ал анасы – үй шаруасындағы көпбалалы ана болған. Тәртіп пен тәрбиені отбасы құндылығы етіп ұстанған бұл әулеттен шыққан Оксана бала кезінен еңбекқорлық пен адалдықты бойына сіңіріп өсті. Өкінішке қарай, бүгінде ата-анасы өмірден озғанымен, олар қалдырған өнеге мен рухани мұра қыздарының жүрегінде мәңгілік сақтаулы.

Үшарал ауылындағы орта мектептің табалдырығын аттаған кішкентай Оксана білімге құштарлығымен, мектепішілік белсенділігімен ерекшеленді. Түрлі үйірмелерге қатысып, сахнада өлең айтып,

қоғамдық шараларда алдыңғы қатарда жүрді. Мектепті ойдағыдай аяқтаған соң, Шалқар қаласындағы кәсіптік-техникалық лицейге оқуға түсіп, «Наубайшы-технолог» мамандығы бойынша диплом алды. Қазіргі кезде төртінші разрядты аспаз.

Жас маман ретінде еңбек жолын бастағанымен, алғашқыда өзінің кәсіби бағытын іздеумен болды. Әртүрлі салада өзін сынап көрді. Дегенмен де, уақыт өте келе өмірлік жолының шынайы бағытын түсініп, жүрегі аспаздық өнерге қайта оралды. Себебі бұл мамандық – адамдарға қуаныш сыйлаудың, жылулық дарытудың ерекше жолы екенін ол кейіннен түйсінді.

2005 жылы тұрмыс құрып, екі қыздың ардақты анасы атанған Оксана отбасына бар ықыласын салып, балаларын тәрбиелеп өсіруге біраз уақытын арнады. Ана болудың да, аспаз болудың да – үлкен жауапкершілік пен мейірімді жүректі қажет ететін мамандықтар екенін күнделікті өмірінен-ақ байқаймыз. Ал бүгінгі таңда «Жетісу» шекара бөлімшесінің Восток ауылындағы асханасында еңбек етіп жүрген Оксана Николаевна өз кәсібінің шынайы шебері ретінде танылып отыр.

Ол қызмет бабында бір сәт те салғырттық танытпайды. Әрбір дайындалған тағамда оның қолының жылуы, жүрек мейірімі бар. Шекара шебіндегі сақшылар Оксананың аспаздық шеберлігіне дән риза. Себебі оның пісірген тамағынан тек дәм емес, аналық

қамқорлықтың да иісі аңқып тұрады.

Оксана тек кәсіби шебер ғана емес, сонымен қатар ұжымның сыйлы мүшесі. Әріптестерімен ашық мінезді, ұйымшыл, кез келген шарада белсенді. Жұмыстан тыс уақытта да бос отырмайды – отбасымен табиғатқа шығуды, достарымен серуен құрып, еңбек күніне серпін беруді жақсы көреді. Өмірге деген көзқарасы – мейірімділік пен қуаныштан тұрады.

Оксана Николаевна – қарапайым еңбек адамы. Бірақ оның қарапайымдылығында – үлкен өнеге, адамгершілік пен кәсібіне деген адалдық жатыр. Мұндай жандар әр салада сирек кездеседі. Ол – бүгінгі Шекара қызметінің бейбіт өмір үшін көрінбей жатқан еңбегінің бір бөлігі. Оның әрбір күні – тағам дайындау арқылы сарбаздардың күш-қуатын арттырып, олардың Отан алдындағы қызметіне үлес қосу.

Бүгінде Оксана Николаевна Козлова – өзінің жанашырлығымен, еңбекқорлығымен, ұжымдағы белсенділігімен көзге түсіп жүрген үздік маман. Оның өмірі – шынайы еңбек пен адамдық қадір-қасиеттің үлгісі. Осындай жандар барда шекара да берік, ұжым да бірлікпен өркендей бермек.

Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ, «ОС-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.

ГРАНИЦА НАЧИНАЕТСЯ С ЧИСТОТЫ

Граница между Казахстаном и Россией – одна из самых протяженных сухопутных границ в мире, и ее бесперебойное функционирование – залог стабильности для обеих стран. Ключевую роль в этом процессе играет работа отделений пограничного контроля, которые ежедневно сталкиваются с огромным потоком людей и грузов.



Но эта статья посвящена не отделению пограничного контроля, и даже не военнослужащим-пограничникам, а Елене Усольцевой – женщине, чей труд косвенно помогает осуществлять пропуск лиц и транспортных средств.

«Чем же?» – удивится читатель. «Разве Елена Александровна принимает непосредственное участие в проверке документов? Или осуществляет досмотр грузов или машин?» – Нет! Но чистота на рабочих местах контролеров, порядок на досмотровой площадке – все это дело ее заботливых рук.

Родившись 17 сентября 1986 года в селе Красноярка Кызылжарского района Северо-Казахстанской области, Елена Александровна с детства была любознательна, активна и очень ответственно относилась к любому делу. Отличница, победительница районных олимпиад, гордость школьной команды по баскетболу – на одной из школьных дискотек встречает своего будущего мужа, и в 2002 году переезжает с супругом в приграничное село Красный Яр.

Так, совсем юная Елена не понаслышке узнает о существовании пограничной зоны, пограничной полосы и не раз пересекает государственную границу через пункт пропуска, который находится всего в 5 километрах от деревни.

И каждый раз, проезжая через пункт пропуска «Кызыл Жар» (автомобильное), она восхищалась мужеством и профессионализмом тех, кто стоит на последнем рубеже охраны Родины.

И вот в один прекрасный день, узнав, что в отделение пограничного контроля нужна уборщица, Елена Александровна, собрав все необходимые документы и пройдя спецпроверку, в 2014 году вливается в дружный коллектив тех, кто охраняет границу.

За 11 лет не раз сменился личный состав отделения пограничного контроля, но все помнят Елену Александровну как ответственного работника, с душой относящуюся к исполнению своих должностных обязанностей, о чем говорят многочисленные грамоты от вышестоящего руководства. Чистота, порядок и уют царят в каждом уголке подразделения – и все это заслуга Елены Александровны.

Майор
Д. УТЕБАЕВА, «ОС-ЧР».
Фото из личного
архива Е. УСОЛЬЦЕВОЙ.

ШЕКАРА ШЕБІНДЕ ӨТКЕН ҒҰМЫР

Қызметші Айдағараев Белқожа Полатович – өз еңбегімен ел игілігіне қызмет етіп жүрген беделді азамат. 1968 жылы Шымкент облысының Қызылқұм ауылында дүниеге келген ол, жастайынан еңбекке араласып, туған ауылына адал қызмет етті.

Мектеп қабырғасынан бастап еңбекқорлығы мен табандылығын танытқан Белқожа 1985 жылы мектепті тәмамдап, туған ауылында еңбек жолын бастады. 1987 жылы әскерге шақырылып, екі жыл бойы ел қорғауда адалдықпен борышын өтеді.

Әскерден оралған соң да туған ауылында еңбек етіп, жүргізуші болып жұмыс істеді. 1997 жылдан бастап күзет қызметінде еңбек өткен Белқожа 2013 жылы ҚР ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаменті Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасы «Ынтымақ» шекара бөлімшесінің электрик – дезинісі болып жұмысқа қабылданды.

Бүгінде ол сол орында өз ісінің шебері болып танылып отыр. Ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы еңбегі елеусіз қалмады. ҚР ҰҚК Шекара қызметінің 25 жылдығына орай грамотамен марапатталды. Түркістан облысы шекара қызметі департаментінің басшылығы оның еңбегін жоғары бағалап, бірнеше рет алғыс хаттар мен мадақтамалар табыс етті. 2023 жылы шекарашылар күніне орай «Үздік электр-дизельші» атағын иеленіп, ел қорғаны ретіндегі беделін одан әрі нығайтты. Белқожаның қажырлы еңбегі мен адалдығы оны әріптестері мен ағайындары арасында сыйлы азаматқа айналдырды.

Белқожа – тек қызметте ғана емес, отбасында да үлгі боларлық азамат. Жұбайы Тәжіанар ұстаздық жолда еңбек етеді. Екі ұлы мен екі қызы бар. Ұлдары өзі секілді ел қорғау қызметінде. Қыздарын ұзатып, ұлын үйлендіріп немере сүйіп отырған бақытты жанұя иесі. Айдағараев Белқожа – өз ісіне берілген, Отанын қорғаудағы борышын абыроймен атқарып жүрген ардақты азамат. Оның еңбегі – елдің тыныштығы мен бейбіт өмірінің кепілі.

Майор Р. АСАДИЛОВ,
«ОС-ЧР». Сурет шекара бөлімшесінен.



АНА ЖҮРЕГІ – ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫ ҮШІН СОҒАДЫ



Кездесу барысында Наталья Николаевна департаменттің тыныс-тіршілігімен жақын танысып, сарбаздардың іссапарға келгенде жатқызылатын жатын орны, асханасы, оқу-жаттығу залдарына дейін барып, күнделікті жағдайларына назар аударды. Департаменттің тәрбиелік, идеологиялық

және кадрлық жұмыстар басқармасының аға консультанты подполковник Миршат Измуллаевич Розахунов қонақты жылы қарсы алып, сарбаздардың қызмет тәртібі мен олардың әлеуметтік жағдайы туралы толық мағлұмат берді.

Сарбаздармен еркін сұхбат форматында өткен кездесуде

Наталья Николаевна әрбір жас жауынгердің ой-пікірі мен көңіл-күйін тыңдап, олардың әскердегі өміріне қатысты сауалдарына жауап берді. Сарбаздар өз тарапынан отбасы, болашақ жоспарлары, қызмет барысындағы әсерлерімен бөлісті.

Бұл ашық әңгіме барысында сарбаздар аналарының атынан келген өкілге жүрекжарды тілектер айтылып, алғыс білдірілді.

Наталья Николаевна өз сөзінде әскердегі тәртіп пен тәрбиенің, ата-ана мен бала арасындағы байланыстың маңыздылығына тоқталды. Ол сарбаздарға туған

аналарындай жылы сөзін арнап, олардың елге, Отанға адал қызмет етулері қоғам алдындағы үлкен жауапкершіліктері екенін жеткізді. Сонымен қатар, сарбаздардың амандығы мен азаматтық борышты абыроймен атқаруы – әрбір ананың жүрек қалауы екенін ерекше атап өтті.

Кездесу соңында Сарбаздар аналары комитетінің төрағасы департамент басшылығына алғысын білдіріп, сарбаздардың жақсы жағдайда қызмет атқарып жатқанына көз жеткізгенін айтты. Ол болашақта да осындай кездесулер жалғасатынын айтып, барлық сарбаздарға зор денсаулық пен абыройлы қызмет тіледі.

Мұндай кездесулер – ата-аналар мен әскери құрылымдар арасындағы өзара сенім мен байланысқа дәнекер болып қана қоймай, сарбаздардың моральдық ахуалына оң әсер ететіні сөзсіз. Сарбаздар үшін мұндай қолдау – рухани күш, ал ата-аналар үшін – көңіл тыныштығы. Ел тыныштығын күзетіп жүрген әрбір жас жауынгерге мұндай рухани серпіліс ерекше маңызға ие.



**Майор
Ф. БАКЕТОВ,
«ОС-ЧР».**
Сурет шекара басқармасынан

ӨТКЕН ТАҒДЫР – БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай Өскемен қаласындағы Оралхан Бөкей атындағы кітапханада ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті сарбаздарының қатысуымен тағылымды кеш өтті. Бұл іс-шараның басты мақсаты – жас буынға халқымыздың басынан өткен зұлмат жылдарды танытып, саяси қуғын-сүргін мен ашаршылықтың зардаптарын ұмыттырмай, тарихымызды еске салу болды.



Кеш барысында кітапхана меңгерушісі Тоғаев Бақытжан Құрмарбекұлы қатысушыларға өткен ғасырдың 20–50-жылдарындағы Қазақстандағы саяси репрессия мен ашаршылықтың себеп-салдарын кеңінен баяндады. Ол сол бір қасіретті жылдары миллиондаған жазықсыз азаматтардың қуғын-сүргінге ұшырап, мыңдаған адамның атылғанын, сондай-ақ халықтың бір бөлігі ашаршылықтан көз жұмғанын айтып, нақты тарихи деректер мен мысалдарға тоқталды. Сөз барысында қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларының тағдыры мен ұлт үшін сіңірген еңбектерін де ерекше атап өтті.

Іс-шара аясында арнайы бейнероликтер көрсетіліп, қатысушылар XX ғасырдың ең қаралы кезеңдеріне терең үңіле алды. Бейнематериалдарда сол уақыттағы тарихи оқиғалар, халықтың көрген азабы, айдалған және атылған азаматтардың өмірі шынайы көрсетілді. Бұл көріністер көрермендерге зор әсер қалдырып, олардың өткенге деген көзқарасын тереңдетті.

Сонымен қатар, кітапханада қазақтың ұлт үшін басын бөйгеге тіккен

арыстары – Алаш қайраткерлері мен репрессия құрбаны болған зиялыларға арналған арнайы кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мажан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Тұрар Рысқұлов сынды тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын баяндайтын еңбектер қойылды. Сарбаздар мен қатысушылар көрмемен танысып, зиялы қауым өкілдерінің ерлігі мен елге сіңірген еңбектеріне тәнті болды.

Кеш соңында қатысушылар арасында еркін пікір алмасу өтті. Жастар алған әсерлерімен бөлісіп, тарихты ұмытпау керектігін атап өтті. Мұндай тәрбиелік мәні зор шаралар жас ұрпақты отансүйгіштікке, тарихты құрметтеуге баулиды.

Ұйымдастырушылар мұндай кездесулерді алдағы уақытта да тұрақты түрде өткізуді жоспарлап отырғанын жеткізді. Өткенге тағзым – болашаққа тағылым. Сондықтан мұндай іс-шаралардың мәні де, маңызы да ерекше.

Майор Ф. БАКЕТОВ, «ОС-ЧР».
Сурет шекара басқармасынан

ТЕНЬ ЗАБВЕНИЯ И СВЕТ ПАМЯТИ

Каждый год, 31 мая, Казахстан склоняет голову в знак скорби и уважения к миллионам сограждан, ставших жертвами политических репрессий в XX веке. Это день молчаливой печали и глубокого размышления, день, когда история требует не отворачиваться, а взглянуть в прошлое, чтобы не позволить ему повториться.

История нашей страны, как и многих постсоветских государств, запечатлела в себе трагические страницы. Политические репрессии 1930-1950-х годов стали одной из самых трагических страниц в истории Казахстана.

Согласно архивным данным, с 1928 по 1953 год в Казахстане было репрессировано более 100 тысяч человек, из них около 30-35 тысяч – представители интеллигенции. Свыше 25 тысяч были расстреляны. Самые массовые аресты пришлись на 1937-1938 годы – так называемый «Большой террор». Репрессии коснулись всех слоев общества. Их арестовывали, заключали в лагерь и нередко расстреливали, лишая страну ее лучших умов и духовных лидеров. Эти потери стали тяжелейшим ударом для культурного, научного и образовательного развития Республики.

Казахстан стал не только ареной репрессий, но и одним из главных центров ГУЛАГа – местом ссылки и заключения. Здесь располагались крупнейшие лагеря: Карлаг (Карагандинский исправительно-трудовой лагерь), АЛЖИР (Акмолинский лагерь жен изменников Родины), Степлаг и другие. По официальным данным, через лагерь Казахстана прошли более 5 миллионов человек, в том числе видные деятели культуры, науки и искусства.

АЛЖИР – одна из самых мрачных страниц истории политических репрессий в Советском Союзе. Этот лагерь, расположенный близ столицы, стал символом коллективной ответственности и страданий тысяч невинных женщин, пострадавших из-за обвинений в отношении их мужей. Более 18 тысяч женщин прошли через этот лагерь. Они были виновны лишь в том, что любили и верили своим мужьям.

Репрессии против интеллигенции привели к катастрофическому упадку национальной науки, культуры и образования. В стране на долгие годы замедлилось развитие языка, литературы,



педагогике и исторической науке.

Лишь в 1950-1960-х годах начался постепенный процесс реабилитации и возрождения культурной жизни на всем постсоветском пространстве.

В последние годы в Казахстане предпринимаются усилия по увековечению памяти жертв: создаются музеи, проводятся выставки, публикуются архивные документы. Но настоящая память живет не в камне и не в бумаге – она живет в сердцах. В том, как мы учим своих детей, как говорим об истории, как умеем сострадать.

День памяти жертв политических репрессий – не просто дата в календаре. Это нравственный камертон нации. Это наша обязанность – помнить не ради обвинения, а ради осмысления, ради исцеления, ради будущего.

Для военнослужащих Пограничной службы, как для защитников Отечества, важно помнить, что защита Родины – это не только охрана ее границ, но и сохранение исторической правды и культурного наследия.



**Майор Д. УТЕБАЕВА,
«ОС-ЧР».**
Фото из интернета.

ШЕКАРА КҮЗЕТКЕН ЧЕМПИОН

Жыл сайын елдің шебі көктем мен күз айларын асыға күтеді. Бұл дәстүрге айналған дағды. Себебі күнтізбеде көктем қонақтаған уақыттан бастап шекарашылар қатарын жас шақырылым сарбаздары толықтырады. Мемлекеттік шекараның жаңа дүрсілі болып саналатын оларды шалғайдағы шекара бөлімдері мен бөлімшелері асыға күтеді.



Осындайда «заман өз батырын өзі таңдайды» дейтін халық даналығындағы орамды ой ойға оралады.

Өткен аптада ҰҚК Шекара қызметі Атырау облысы бойынша департаментінің бас ғимаратында Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойын мерекелеу қарсаңында қоян-қолтық ұрыстан ішкі ашық біріншілік өтті. Барлығы сен тұр, мен атайын дейтұғын сайыпқырандар. Солардың қатарында көктемде ғана шекарашылар қатарын толықтырған жас сарбазды көзіміз шалды. «Бұлақ көрсен, көзін аш!» дейді халық даналығы. Осы мақсатты алға тартып, жүректі жас жауынгерді ойлы оқырманмен қауыштыруды жөн көрдік. Ол қатардағы жауынгер Дарын Мутайр болатын.

Шекарашы сарбаз 2005 жылы Атырау облысы Атырау қаласында туған. Облыс орталығындағы Каспий заманауи жоғары колледжінің спорт факультетін тәмамдаған.

Мамандық таңдаудан қателеспеген ол бала жастан салауатты өмір салтын серік еткен. Бұғанасы бекіп, буыны қатайған шақтан бастап спортпен шұғылданады. Каратэ шинкиокушенкай спорт түрімен айналысқан ол жасөспірімдер арасында жоғары нәтижелерге қол жеткізген. Аталмыш спорт түрінен жасыл белбеу иегері. Спорт шеберіне үміткер дейтін құжаты және бар. Түрлі жылдары ел біріншілігінде жүлдегерлер қатарынан табылып, үздіктер қатарынан төбе көрсетті. Ал 2019 жылы ел чемпионатында қарсылас шақ келтірмей, Қазақстан чемпионы атанды. Салауатты өмір салтынан мерзімді әскери қызметке келгеннен кейін де алыстаған жоқ. Күнделікті қызметте қолы қалт етсе, спортқа бір мезет көңіл бөлуді дағдыға айналдырған. Жуырда ҰҚК Шекара қызметі Атырау облысы бойынша департаментінде өткен қоян-қолтық ұрыстан ашық біріншілікте 57 келі салмақта топ жарды.

– Мен көпбалалы отбасында дүниеге келдім. Әкем Асылбек пен анам Армангүл сыйға тартқан 3 інім, 1 қарындасым бар Үйдің үлкені болғасын ересек өмірге ерте араластым. Жастайымнан спортпен шұғылданып, белгілі бір дәрежедегі желкенді жетістіктерге қол жеткіздім, – деді Дарын Асылбекұлы.

Әскер қатарына дене дайындығы жоғары деңгейдегі жауынгерлер қашанда қажет-ақ. Олар жауынгерлік қызметке машықтанып, қиындықтарға төзімділік қабілеттігін арттырса әскеріміздің қуаты еселене түспек. Шекара шебіндегі жас шекарашының да алдағы аяқ-алысынан үлкен үміт күтеміз. Тәжірибемен толысқан спорттағы жетістіктері мен ерек қабілеті Мемлекеттік шекараны күзету мен қорғау ісіне сеп болады деп сенеміз. Жауынгерлік жорықта жігерің мұқалмасың, чемпион!



**Капитан
Б. ҚОЖАНТАЙ
«OS-ЧР».**
Суретті
түсірген автор.

ҮЛГІЛІ ҚЫЗМЕТ ҮЛГІСІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне қарасты Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасының құрамындағы «Аққолқа» шекара бөлімшесі — өз міндетіне аса жауапкершілікпен қарап, мемлекеттік шекара күзетінде адал қызмет етіп жүрген үлгілі бөлімшелердің бірі.

Бөлімше бастығы – аға лейтенант Жұмабай Ерсұлтан Мұратұлы. Ол 1996 жылы Түркістан облысы Түлкібас ауданында дүниеге келген. Әскери өмірге жастайынан құштар болған Ерсұлтан Мұратұлы 2012 жылы Кеңес Одағының батыры С. Рахымов атындағы Шымкент республикалық әскери мектебіне түсіп, кейін ҚР Қорғаныс министрлігінің Кадет корпусында білім алған. Құрлық әскерінде қызметін бастап, кейін ҚР ҰҚК ШҚ Академиясын тәмамдап, бүгінде «Аққолқа» шекара бөлімшесін басқарып келеді. Жауапты басшы ретінде сарбаздардың әскери және рухани дамуына үлкен мән береді. Бөлімшенің қатардағы жауынгерлері де өз қызметтерін мінсіз атқаруда.

Солардың бірі – Бақыт Нұрдаурен Ардақұлы, 2005 жылы Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласында дүниеге келген. Қазіргі уақытта «Аққолқа» шекара бөлімшесінің аға барлаушы атқышы ретінде қызмет етіп жүр. Өзінің әскери тәртібімен, жауапкершілігімен көзге түскен сарбаз бос уақытында домбыра тартып, авторлық күй шығарады. Оның шығармашылығы бөлімше рухын арттыра түсті.

Тағы бір үлгілі сарбаз – Әшімбек Бекжан Маратұлы, 2006 жылы Жамбыл облысы, Луговой кентінде дүниеге келген. Ол – барлаушы кавалерист. Жылқымен жұмыс істегенді жаны сүйетін сарбаз шекарадағы атпен атқарылатын патруль жұмы-



старына ерекше ықыласпен қарайды. Әскери қызметке дейін футболдан «спорт шебері» атағын алған. Бекжан әртүрлі жарыстарда жүлделі орындар иеленген.

Сондай-ақ, Бурумбаев Асылбек Ардақұлы Астана қаласының тумасы – техникалық құралдарды жетік меңгерген барлаушы. Ол шекара қызметіне өз еркімен келіп, қазіргі таңда жоғары тәртіптілігімен ерекшеленіп келеді. Осы сарбаздардың үлгілі қызметтері әскеріліп, қатардағы жауынгерлер Бақыт Нұрдаурен мен Әшімбек Бекжан ҚР ҰҚК ШҚ Директорының алғыс хатына ие болды.

Сонымен қатар, Астана қаласында өткен «Сарбаздар аналары» комитеті төрағасының форумына қатысып,

өз аналарына жүрекжарды тілектерін жеткізіп, гүл шоқтарын табыстады. Бұл — олардың ел алдындағы жауапкершілігін терең сезініп, әскери қызметтің қадірін бағалай білетінін көрсетеді. Қызмет барысындағы жоғары тәртіптері мен жетістіктері үшін бөлімше сарбаздары 10 күндік демалысқа жіберілді. Бұл демалыс — олардың қажырлы еңбегінің әділ бағасы.

«Аққолқа» шекара бөлімшесі — еліміздің шекара қауіпсіздігін сақтауда адал қызмет атқарып жүрген патриот жастарымыздың шоғырланған ордасы.

Майор Ф. БАКЕТОВ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

САТИРАНЫҢ СЕРГЕК САРДАРЫ

Мамыр айының басында Отанына адал қызмет етуге ант берген «Көктем – 2025» шақырылымының сарбаздары еліміздегі сатираның сергек сардарларының бірі, журналист-жазушы журналист Ермахан Шайхыұлымен кездесті.



ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментіне қарасты Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының клубында өткен шығармашылық кешке белгілі сатирик өзінің жарық көрген кітаптарын ала келіпті. Сөйтіп, аяқ астынан ұйымдастырылған көрмеге қойылған рухани дүниелер сарбаздардың көзайымына айналды.

Департаменттің Тәрбиелік, идеологиялық және кадрлық жұмыстар басқармасының офицері, запастағы майор Салтанат Биғабылова бас бұйдасын ұстаған кездесуде қаламгер сарбаздармен ашық сұхбат құрып, өзінің шығармашылық жолынан сыр шертті. Сатира мен публицистиканың шынайы табиғатын түсіндіріп, жиналғандарға өзіндік астарында өмірдің үлкен ақиқаты жататынын айтып өтті.

Айту керек, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін бітірген соң өзінің еңбек жолын «Қазақ университеті» баспасында редактор болып бастаған Ермахан Шайхыұлы түрлі басылымдардың жұмысын жандырып, мықты қаламгерлердің қатарынан ойып тұрып орын алды. «Айқын» газетінің тілшісінен – бас редактордың орынбаса-

рына дейін өскен ол бүгінде «Аннұр сапа» баспасының бас редакторы.

Сатириктің қаламынан «Ауыз тие отырыңыз», «Біртүрлі кітап», «Мынауың жынды екен», «Жатыпатар», «Шылдыр шүмек», «Аққудың сыңары», «Қазіргі қазақ сатирасы», «Ағынан жарылсақ...», «Әріп әлемі», «Сандалған сауал», «Қоңыр қажының күнделігі», «Атақты айтқыштар» сынды кітаптар жарық көрді. Оның шығармалары ағылшын, орыс, қытай, түрік, ұйғыр тілдеріне аударылып, 4 оқулыққа және бірнеше жинақтарға енгізілді. Сондай-ақ, оның құрастыруымен «Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл» атты той кітабы және Ыбырай Алтынсариннің 2 томдық, Камал Смайыловтың 3 томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Ол 300-ге жуық кітаптың жауапты редакторы болды. Президент Алғыс хатынан бастап, «Ақпарат саласының үздігі» секілді ондаған марапаттың иегері һәм түрлі шығармашылық сайыстардың жеңімпазы.

Жастарды отансүйгіштікке, адал қызметке үндеумен қатар, кітап оқуға шақырған Ермахан Шайхыұлының сарбаздарға сыйға тартқан кітаптары – қоғамның көлеңкелі тұстарын күлкімен түйреп, ой салар өткір шығармалар жиынтығы. Арасында сарбаздар жазушының кітабынан шумақтар оқып, кешті қыздырып отырды.

Әдемі дидарласудың соңында, кеш жүргізуші С.Биғабылова қаламгерге шекарашылар атынан қалам мен ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің жүз жылдық шежіресінен сыр шертетін «Біз – Отанның берік қалқаны» атты кітапты сыйға тартты. Мұндай тағылымы мол кештер алдағы уақытта да өз жалғасын таба береді.



**Журналисттер
одағының мүшесі
Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».**
Суретті түсірген автор.